

ОРИЕНТАЛИЗМ

Ориентализмдегі өзара әрекеттестік: Батыс пен Шығыс арасындағы қарым-қатынас.
«Басқа/өзге» позициясындағы Мысыр.
1-бөлім



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **10. Ориентализмдегі өзара әрекеттестік: Батыс пен Шығыс арасындағы қарым-қатынас. «Басқа/өзге» позициясындағы Мысыр**

Мақсаты: Ориентализм идеясы мен Таяу Шығыс арасындағы байланысты анықтау және Батыстың Мысыр қоғамы мен мәдениетіне жасаған ықпалымен танысу.

Э. Саидтің ориентализм объектісі ретінде Британия, Франция елдерінің Таяу Шығысқа қатысты іс-тәжірибесін таңдауының алғышарттары мен себептеріне тоқталғанда оның Мысырмен байланысына назар аударған болатынбыз. Енді бұл тақырыпқа арнайы тоқталуымыздың себебін түсіндірейік.

Шығыс пен Батыстың арасындағы байланыс тарихта гректердің Персияға қызығушылығынан басталды десек, жаңа заманғы Батыс пен Таяу Шығыс елдерінің мәдени байланысы атақты қолбасшы Наполеон Бонапарттың Мысырға жасаған жорығынан басталды.

Белгілі неміс ғалымы Готфрид Вильгельм Лейбництің 1672 жылғы жазбалары бойынша Мысырды жаулап алу идеясы Францияның тарихында Людовик XIV кезінде пайда болғаны және корольдің сарайында бұл идея ешқашан ұмытылмағаны айтылады. Бұдан кейін **Людовик XV (1715–1774)** тұсында да бұл идея бірнеше рет қозғалған. Бірақ жүзеге асырылмаған. Ал Людовик XVI билігі тұсында 1776–1779 жылдары Францияның Мысырды жаулап алу жоспары дайындалғанмен оны жүзеге асыру кейінге қалдырыла берген.

XVIII ғасырдың тоқсаныншы жылдары Европада қалыптасқан жағдай бойынша Мысырды иелену идеясы Франция үшін аса өзекті болып шығады. Мысыр ол кезде тек шартты түрде ғана Осман империясының құрамында болды. Осман сұлтанының әміріне бағынуы тиіс болғанмен іс жүзінде Мысыр өз алдына жеке, дербес мемлекет болатын. Себебі нақты билік мәмлүктердің қолында еді. 1786–1787 жылдары осман сұлтаны Абдул-Хамид I Мысырды әскери жолмен өз бақылауына алғысы келгенмен ол мәмлүктер әскерін жеңе алмады.

Ал Осман империясы сұлтанынан тәуелсіздікке қол жеткізген мәмлүктер Мысырдың әлем алдындағы беделін тым әлсіретіп жіберді. Осы себепті ірі европалық державалар оны иеленіп алатын территория ретінде қарастырды – мүмкіндігінше тезірек өзінің отарына айналдырып алуды көздеді.

XVIII ғасырдың 90-жылдары өзара соғыс жағдайындағы Ұлыбритания мен Франция екеуі бірдей бір мезгілде Мысырға үлкен қызығушылық танытып тұрды. 1797 жылы 3 шілдеде Францияның сыртқы істер министрі Шарль Талейран «Қазіргі жағдайда жаңа колониялардан алуға болатын мүмкіндіктер» атты баяндама жасап бұл мәселені үкімет алдына қойды. Ол өз баяндамасында «Францияның сыртқы саясатының ең жақын уақыттағы міндеті – Мысырды жаулап алу болу керек» деген мәселе көтерді. Бұл Үндістан сияқты ең үлкен колониясы бар Англияның жолын кесу болады деп түсіндірді. Бұл баяндама осы себепті үкіметтен қолдау тапты.

Осы 1797 жылдың желтоқсанында Парижге Наполеон Бонапарт келді. Ол бұл жолы Италиядағы Австрия әскерін біржола тізе бүктіріп қайтқан еді.

Жеңістен кейінгі бойындағы күш қуаты тасыған жас генералға Ш. Талейран Мысырға қатысты өз идеясын айтқанда ол оны бірден қолдайды, себебі бұл идея көптен оның да ойында жүрген болатын. Ол да Англияны ойсырату үшін біз Мысырды иеленуіміз керек деп санады.

Директория басында әскери экспедиция ұйымдастыруға келісім бермегенмен соңында Наполеонның жоспары мақұлданып бекиді.

Бұл тұста Мысыр расында да үлкен стратегиялық мәнге ие болды. Себебі оны басып алу Жерорта теңізі арқылы өтетін аса ірі халықаралық сауда жолдарын бақылауға мүмкіндік беретін еді. Сондықтан Франция әскерінің Мысырға жорығының мақсаты тек оны жаулап алуды ғана емес, оны толығымен өзінің отарына айналдыру болды.

Экспедиция Наполеонның алдына таза әскери міндетпен бірге Мысырды зерттеуді, ол жайлы мәлімет жинау жоспарын да қойды. Бұл Эдвард Саид «Ориентализмде» айтқан Френсис Бэконның «Білім – күш» қағидасын анықтайды, яғни бұл елді басқару үшін алдымен оны жақсы білу қажет болды. Осыған байланысты солдаттардың әскеріне қоса Мысырға француз ғалымдарының үлкен тобы аттандырылды. Олардың қатарында натуралистер, математиктер, физиктер, архитекторлар, политэкономистер т.б. болды. Наполеон ғалымдардың барлығын Мысырға сапар алдында қатты шабыттандырып алды. Олардың арасынан біреуі кейіннен «Біз Бонапарт бізді қайда апаратынын білген жоқпыз, бірақ біздің барғымыз келді, оның апарғанын қаладық» деп жазды.



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 10. Ориентализмдегі өзара әрекеттестік: Батыс пен Шығыс арасындағы қарым-қатынас. «Басқа/өзге» позициясындағы Мысыр

1798 жылы 2 шілдеде Наполеон экспедициясы Александрияда өз туын тікті, ал 21 шілдеде Гиза пирамидаларының түбінде Бонапарт мәмлүк әскерімен бетпе-бет келді. Қанды қырғын алдында ол өз әскеріне ұрыстың маңызын және қандай елді жаулауға келіп тұрғанын түсіндіру үшін өзінің атақты: «Солдаттар! Сендерге бұл пирамидалардың төбесінен төрт мың жыл асқақтай қарап тұр» деген сөзін айтқаны белгілі.

Осылайша, Наполеон 1798 жылы 21 шілдесінде мысырлық мәмлүк отрядтарын талқандап, төрт күннен соң Каирге кіреді.

Іс жүзінде Наполеонды тарихшылар айтқандай француздардың Мысырға протекторат орнату жоспары да, оқ-дәрі жасауға қажет Мысыр селитрасы да, тіпті ұлы қолбасшы Александр Македонскийдің ерліктерін қайталау да аса қызықтырған жоқ. Наполеон Мысырға ғасырлар емес, мыңжылдықтар бойы тарихтың терең қойнауында жатқан мол «құпия білімді» іздеп келді.

Осы жылы 22 тамызда Наполеон Каирде Мысыр Институтын (Institut d'Egypte) құру жөніндегі жарлыққа қол қояды. Оның құрамына әскермен бірге келген 35 ғалым, кейіннен тағы 15 таңдаулы мүше енеді. Мекеме аясында математика, физика, әдебиет пен көркем өнер және саяси экономика секциялары құрылады.

Институттың міндеттері арнайы декретпен бекітілді, олар:

- біріншіден, Мысыр жайлы білімді тарату, насихаттау;
- екіншіден, Мысырдың табиғаты, шаруашылығы және тарихына қатысты зерттеу жүргізіп, нақты деректер жариялау болды.

Мұндай ғылыми жұмыстардан басқа Институтқа таза практикалық міндеттер де қойылды. Оларды Институттың алғашқы мәжілісінде Наполеон өзі арнайы мәлімдейді, нақты айтқанда ол ғалымдарға мынадай тапсырма береді:

Әскерге арнап нан пісіретін пештерді жетілдіруге бола ма?

Мысырда сыра өндіру үшін қажетті құлмақты (хмель) алмастыратын өсімдік бар ма?

Нілдің суының түсін қандай жолдармен өзгертуге, тазартуға болады?

Дәл қазіргі жағдайда Каирде қандай диірмен орнатқан дұрыс? Су диірмені ме, әлде жел диірмені ме?

Мысырда қара оқ-дәрі жасауға қажетті материал бар ма? Ол қандай материал?

Мысырдың қазіргі заңнама, азаматтық және қылмыстық тәртіп сақтау және білім беру жүйесінің жағдайы қандай?

Институтта бұл сұрақтардың әрқайсысын зерттейтін арнайы комиссия құрылады.

Ал 1798 жылдың 1 қазанында осы Институттың «Мысыр онкүндігі» аталатын саяси-экономикалық журналының алғашқы саны шығады.

Журналдың басты мақаласының мазмұны

Мысырды жаулап алу Франция үшін тек саяси немесе коммерциялық мақсатты ғана көздемеуі керек. Ол сонымен бірге ғылым мен өнерге де пайдалы болуы қажет... Біз шығарып отырған журнал таза әдеби болып табылады. Мұнда ешқандай жаңалыққа, ешқандай саяси пікірталасқа орын жоқ, алайда ғылым, өнер, жалпы және жеке коммерция, азаматтық және қылмыстық заңнама, адамгершілік, сондай-ақ діни институттар салалары бойынша мақалалардың барлығын қабылдауға дайынбыз. Біздің мақсатымыз – Мысыр жайлы білімді тек қазір осындағы француздарға ғана емес, сонымен бірге Францияның өзі мен бүкіл Еуропаға тарату.

Француз ғалымдары үш жыл бойы Мысырдың географиясын, табиғаты мен климатын, тұрғындардың әдет-ғұрпын, көне ескерткіштердің қирандыларын зерттеп, елдің аумағын аралады. Олар бұған дейін Еуропаға беймәлім болып келген көптеген көне жәдігерлерді тапты. Алайда египтологияның ары қарай дамуында үлкен рөл атқарған ең басты ескерткішті – аса маңызды дүниені ғалым емес, әскер құрамындағы қарапайым солдат тапты. Ол – әлемге әйгілі Розетт тасы.

Мысыр құндылықтарын зерттеу ғалымдарға оңайға түскен жоқ. Қиындықтар ескерткіштер санының соншалықты көптігімен емес, олардың бірегей, қайталанбас ерекшеліктерімен байланысты болды. Грек мәдениетінің үлгілеріне үйренген европалықтар үшін Мысыр



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **10. Ориентализмдегі өзара әрекеттестік: Батыс пен Шығыс арасындағы қарым-қатынас. «Басқа/өзге» позициясындағы Мысыр**

ескерткіштері түсініксіз, тіпті біртүрлі болып көрінді: олардың өлшемдері жалпыға белгілі ережелерге сай емес, мүсіндер алып тастардың астынан шығып қатып қалғандай, ал зәулім, алып тас бағаналардағы өрнектер бір-бірінен айырғысыз, іс жүзінде нағыз шебердің туындысы олар үшін біліксіз біреудің жасаған нәрсесіндей болды.

Әсіресе жазуларды көшіріп алу үлкен қиындық келтірді, себебі, олар өте күрделі және бір қарағанда тым қарапайым белгілердің жиынтығынан тұрды, олардың әрқайсысының қандай мағына беретінінен, тіпті олардың қайсы әріп, қайсы өрнек екенінен ешкімнің ешқандай хабары болған жоқ. Қазір, әрине, оның барлығы анықталды, жазулар оқылды. Ал ол кезде оның барлығы мүлде басқа, түсініксіз мәдениеттің туындысымен алғаш кездесу еді. Қазір бізге Наполеон Бонапарттың қасында болған мамандардың, жазуларды, ескерткіш бейнелерін, таңба көшірушілердің жұмысын түсіну қиын. Әсіресе оның барлығы қолмен орындалғанын, ол кезде фотоаппарат және басқа қазіргі технологиялар болмағанын ескеретін болсақ – мүлде түсініксіз жай. Елестетудің өзі қиын.

Бұл мамандар арасынан египтологияның тарихында Лувр музейінің негізін салған **Доминик Виван Денон (1747–1825) қалды.**

Денонның өзі Мысырға қатты қызығады. Оны үнемі шөл мен оазис арасындағы контраст, мешіттер, фольклор, ең бастысы көне ескерткіштер қатты таңғалдырады. Ол өзі көрген әрбір жаңалығынан көз ала алмай, бірден қарындашпен қағаз бетіне түсіре берген. Мысыр оның шабытын оятқаны соншалық, ол тіпті пирамида түбіндегі шайқас кезінде де сурет салумен болған. Одан тірі қалғанына кейін оның өзі де таңғалады: «Мынадай алып ескерткіштердің менің жан-тәнімді баурап алғаны соншалық, мен олардың түннің қанатының астында қалғанына өкіндім. Ал таң алғашқы шапағын шашқанда мен оларға сәлем беріп, тағы бірнеше сызба жасау үшін қайта оралдым. Мен олардың таңсәрідегі нәзік тұман ішіндегі көрінісін сақтап қалғым келді. Пирамидалардың онсыз да қайталанбас асқақ келбеті көгілдір ауа арасынан тым ерекше көрінеді, пирамидалардың осы тұрысы Мысырдың басқа барлық ескерткіштерінен асып түседі» деп жазды. Бұл, әрине, нағыз өнер адамының әсері.

Доминик Денон ол кезде елу жаста болатын, жорық кезіндегі қиыншылықтардың бәріне суретші солдаттардан артық төзген. Ол үнемі марш кезінде, өткелдің бойында, таңертең де, кешке де сурет салумен болады. Айналысында оқ ысқырып жатқанда да ол қолындағы қарындашы мен қағазын тастамайды. Оған мамандар «өз өнерінің шебері, шындықты басты ұстаным етіп алып, ұсақ, қарапайым нәрселерді нақты жеткізеді» деп баға береді. Сонымен бірге ол көне мысырлықтардың көркемдік мәнерін жеткізу дарынын игерген. Денон мыңдаған жылдардан соң олардың жазуы мен өрнектеріне терең бойлап кетеді, иероглифтерді ерекше сезім, аса нақтылықпен көшіргендігі соншалық, ғалымдар оның жазбаларына қазіргі фотосуреттерге сенгендей толық сенім арта білген.

Әрине, Денонның мұндай шығармалары жайлы ұзақ айта беруге болады. Ал егер «оның осы еңбегінің нәтижесі не болды?» деген сұрақ қоятын болсақ, Денон Францияға өте мол қазына алып қайтты. Оның жазған картиналары құндылығы жағынан француз әскері Жоғары Мысырдан арабтар мен коптардан жиып алған алтын мен қымбат асыл тастардан бірнеше есе асып түсті. Себебі ол әлемде бір ғана нұсқасы бар, әлі күнге дейін Луврда сақтаулы тұрған баға жетпес дүниелерді тудырды.

Ол тарихта алғашқы болып Фивы қирандылары мен Дендер храмын қағаз бетіне түсірді, оның жүз шамалы картинасы Көне Мысырдың қазіргі заманда жасалған ең алғашқы суреттері болып табылады. Ал оның Элефантин аралындағы Аменхотеп III храмын бейнелейтін суреті осы ескерткіштің тарихта қалған жалғыз ғана суреті болып саналады, себебі ол храм бұдан кейін қиратылып тасталған.

Ол 1802 жылы экспедиция мүшелерінің арасында алғашқылардың бірі болып өте жоғары сапада жинақталған «Жоғары және төменгі Мысырға саяхат» кітабын жарыққа шығарды. Бұл, әрине, үлкен сенсация болды, дәл сол кезде айтылғандай, «Наполеон жаулап алып, қылышпен сақтай алмағанды Денон мәңгілікке қаламмен сақтап қалды».

Денонның бұл жинағынан кейін француз экспедициясының Мысырдағы бүкіл қызметінің есебі болып табылған «Мысырды суреттеу» кітабы жарыққа шықты. Ол алғашқыда 1809–1822 жылдары жиырма бір, кейіннен 1821–1829 отыз жеті том болып қайта басылды. Бұл кітап



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **10. Ориентализмдегі өзара әрекеттестік: Батыс пен Шығыс арасындағы қарым-қатынас. «Басқа/өзге» позициясындағы Мысыр**

жалпы әлемдік кітап басу ісінде қай жағынан алғанда да ғылыми құндылығы, безендірілуі, қаржысы жағынан теңдесі жоқ кітап деп бағаланды.

Наполеонның Мысырды оқып-зерттеуге қатысты ойы оны жаулап алып, Францияның колониясына айналдырумен шектеліп қалған жоқ. Мысырды жан-жақты және терең зерттеуді ұйымдастыра отырып, ол тек мемлекеттік мүддені ғана көздеп қоймады, оның өз алдына жеке идеалистік мақсаты да болды. Бұған оның кейіннен «Мысырда өткізген уақытым менің өмірімнің ең тамаша кезеңі, себебі ол ең жоғары дәрежедегі идеалға арналды» деп жазғаны куә болады.

Наполеон Бонапарттың Мысырға мұндай қызығушылығы ежелгі Мысыр өркениетінің адамзат тарихындағы орны жайлы оның жеке ұғымымен байланысты болған. Ол Мысыр жайлы естеліктерінде: «Бұл жан-жағынан теңіз бен шөл қоршап жатқан өте үлкен оазис», «Мысыр – әлемнің ең әдемі елдерінің бірі. Бұл ғылым мен өнердің бесігі. Онда адам қолымен жасалған ең үлкен және көне ескерткіштер кездеседі» деп жазады.

Ал «Мысыр экспедициясы» (1798–1801) аталған бұл жорық жалпы алғанда ағылшындармен арадағы бәсекелестікте француздар үшін сәтсіз аяқталғанмен ол тарихта Наполеонның даңқын арттырған оқиға болып қалды. Әскер жеңілгенмен, Наполеон Францияға триумфатор/жеңімпаз болып қайтты.

Егер мәдени гегемонияға қатысты айтылған билеуші тарап үстемдік етеді, ал әлсіз тарап онымен келісуге мәжбүр болады деген қағидаға қайта оралсақ, дәл осы жерде оның айқын мысалы көрінеді. Саид кітаптың басында келтірген Карл Маркстің «Олар өздерін өздері таныта алмайды, оларды таныту үшін басқалар өкілдік етуі керек» деген сөзі бойынша Мысырды француздар танытқан болып шығады. Бұдан кім қандай пайда тапты? Кім қандай зиян шекті? Мәселе онда емес.

Жалпы адамзаттық құндылықтар тұрғысынан немесе ғылыми тұрғыдан алғанда көне ескерткіштерді кім тапқаны, төрт мың жыл бұрын тасқа жазылған жазуды кімнің оқығаны емес, олардың мыңдаған жылдардан кейін қайтадан жер бетіне шығып, қайтадан тіл қатқаны, яғни ашылғаны маңызды. Ал ашылған жаңалық, табылған құндылық ол жалпыға ортақ.

Әрине, бұл жерде жалпы адамзаттық құндылықтармен қатар, мемлекеттік, ұлттық құндылық мәселелері бар. Егер француз экспедициясы ұйымдастырылмаса, Мысырдың төрт мың жылдам астам құм астында жатқан әлемдік жәдігерлері қайта сөйлер ме еді? Шампольон мен Денон немесе Франсуа Огюст пен Шарль Масперо болмаса, иероглифтерді кім оқып, мумияларды кім зерттейтін еді? Ал олар тағы да осы ориентализм аясында қарастырылатын өзара әрекеттестік, келісім, сұхбат арқылы шешіледі немесе мәдени гегемония тақырыбында айтылғандай отарлаушы тараптың үстемдігі қарсы реакция тудыруы әбден мүмкін, онда Мысырдағы сияқты онда қайта өрлеу, ағартушылық қозғалыс, жаңғыру процесі жүреді.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Наполеон экспедициясының мақсаты не болды?
2. Француздар Мысырға қай салада қандай ықпал етті?
3. Мысыр құндылықтарына не жатады?

Өздік жұмыс тапсырмалары

1. Наполеонның Мысырға жеке қызығушылығы жайлы баяндаңыз.
2. Доминик Денонның Мысыр тақырыбындағы картиналарымен танысып шығыңыз. Өзіңізге ұнаған картина жайлы баяндаңыз.
3. Наполеонның Мысырға жасаған экспедициясы немен аяқталғанын баяндаңыз. Оны неге жеңімпаз деп атады?
4. Розетт тасы туралы баяндаңыз.



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **10. Ориентализмдегі өзара әрекеттестік: Батыс пен Шығыс арасындағы қарым-қатынас. «Басқа/өзге» позициясындағы Мысыр**

Ұсынылатын ресурстар

1. Said Edward W., Orientalism. London: Penguin, 2003. – 396 p.
2. Саид Э., Ориентализм. С-Петербург: Русский Мир, 2006. – 639 с.
3. Қалиева Ш.С., XIX ғасырдағы араб әдебиеті. Алматы: «Қазақ университеті», 2006.